

мұнаралары көмегімен тербелме-станогына байла-нысады. Теңгергіш тербелме-станок электр двигателімен іске қосылып, сорғыш плунжердің ілгерілемелі-қайтымды қозғалы-сын жүзеге асырады. Сорғыш барлық уақытта жұмыс істеп тұрады да, мұнай біртіндеп сыртқа айдала береді. Соңғы уақытта электробур типті электрдвигателімен жұмыс жасайтын орталық айналмалы сорғыштар пайдаланыла бастады.

Мұнай мен газдың энергетика, көлік, мемлекет қорғанысы, өнеркәсіптің түрлі салалары үшін және тұрғындардың тұрмыстық қажеттілігін қамтамасыз ету үшін мәні өте зор. Кез келген елдің экономикасының дамуында мұнай мен газ шешуші рөл атқарады. Табиғи газ құбырлар арқылы тасымалдауға, арзан энергетикалық және тұрмыстық отын ретінде жағуға өте қолайлы. Мұнайдан сұйық отынның барлық түрлері алынады: іштен жанатын двигательдер үшін - бензиндер, керосиндер, реактивті және дизельді отын түрлері, локомотивтер үшін газотурбинді отындар, қазандық қондырғылар үшін мазуттар, мұнайдың аса жоғары температураларда қайнайтын фракция-ларынан майлағыш және арнайы майлар мен пластикалық майлағыштардың кең ассортименти алынады.

Мұнайдан сонымен қатар, парафин,резеңке өнеркәсібі үшін техникалық көміртегі (күйе), мұнай коксі, жол құрылысы үшін битумдардың көптеген маркалары және басқа да тауарлық өнімдер алынады.

Химиялық өңдеу шикізаттары болып табылатын мұнайдан бөлінетін көмірсутектік газдардың, ароматты көмірсутектердің, сұйық және қатты парафиндердің тағы да басқа өнімдердің маңызы ерекше.

Мұнай мен көмірсутек газдары кең көлемдегі химиялық өнімдер мен тұтыну тауарлары өндірісі үшін тамаша, тіпті әмбебап химиялық шикізат болып табылады.

Мұнай мен газ шикізаттарын химиялық өңдеу қазір мұнайхимиялық синтез деп аталады. Қазіргі уақытта әлемдік химиялық өнімнің 25% мұнай мен көміртектік газдардың негізінде шығарылады. Мұнайхимиялық өнеркәсіптің жуық арадағы даму келешегі өндіріс көлемі бойынша да, аралық және соңғы синтез өнімдерінің шексіз көптүрлігі бойынша да, сөзсіз қолайлы деп саналады.

Мұнайхимиялық өнімдерге: пластикалық массалар, синтетикалық каучуктер мен шайырлар, синтетикалық талшықтар, синтетикалық жуғыш заттар және беттік-активті заттар, бірқатар химиялық тыңайтқыштар, отындар мен майларға қондырмалар, синтетикалық майлағыш майлар, белокты-витаминді концентраттар, көптеген жеке